

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

Көнекөз

Президенттің ұлттық тарихи сананы қалыптастыру жөніндегі тапсырмасына орай жақында Астанада тарихшы-ғалымдардың басын қосқан үлкен жиын өтті. Мемлекеттік хатшы М.Тәжин терең мәнді баяндама жасады. Алдағы кезде төл тарихымызды түгендеуге бел шеше кірісетін болармыз. Сол тұста біз арқа сүйер алыптардың бірі Никита Бичурин екені анық.

Нағыз соқтықпалы соқпақсыз жерде өскен, мыңмен жалғыз алысқан, тар жол, тайғақ кешуден өткен ғалым – Никита (чувашша – шемшер) Бичурин 1777 жылы тамыз айының 29-ы күні Окулево деген селода дүниеге келген. Ұлты – чуваш. Чуваш – халқы түркі тектес елдердің бірі. Басқа түркі тектес елдерден чуваштардың бір ғана айырмашылығы – олар православие дінін, христиандық діннің бір тармағын қабылдаған ел еді. Сондықтан олардың тілінде орыс тілінің әсері, оған қоса угро-фин тілдерінің әсері көп сезіледі. Бірақ, негізі, ата-бабалары бұдан мыңдаған жылдар бұрын Алатаудың етегінен көшкен едік деген аңызды осы күнге дейін айтады. Чуваш деген сөзді олар әлдебір өзеннің бас жағында («ең басында») отырған ел едік деп түсіндіреді.

Революцияға дейін чуваштардың өз мемлекеттігі болмаған, олар Қазан губерниясына қараған. Окулева селосы Свяжь деген округтің шағын елді мекені еді. Ол кездегі Свяжь аймағы кейін келе-келе Чебоксары деген қазіргі Чуваш елінің астанасына айналды. Никитаның әкесі Яков атанып кеткен кісі діни қызметкер болған. Шіркеуде, шіркеу маңында күн көріп жүрген кішкентай ғана діни қызметкер еді. Ол, әрине, ұлының өз мұрагері болғанын қалады. Өзі сияқты шіркеуде қызмет жасағанын қалады. Сондықтан оны діни мектепке – рухани семинарияға берген еді. Никита оқыған семинария кейін келе Қазан рухани академиясы деп аталды.

Академияны Никита 1799 жылы тәмамдаған. Қазандағы академияның бір ерекшелігі – ол оқу орнында грамматика, арифметика, поэзия, шешендік сөз, грек тілі, латын тілі және басқа еуропалық тілдерді оқытатын. Арғы атасының аты Бишора. Бишораның ұрпағы Никита кішкентай күнінен алғыр, тапқыр, оқуға ынталы болып өскен. Бишора ақсүйек, зиялы қауымның өкілі болғаны анық. Бірақ бұратана ел, кішкентай ғана халықтың ішінен шыққандықтан, әкесі Яков біздің халықтың болашағы жоқ дегендей Никитаны бірден орыс мектебіне беріп, сонда тәрбиеленген. Болашағы зор болады деп көп үміт артқан. Алғыр бала әке үмітін ақтап, академияны өте жақсы деген бағамен бітіреді. Сондықтан оны академияның өзінде грамматика пәнінен және шешендік сөз пәнінен сабақ беруге алып қалады.

Үрім-бұтағының болашағын басқа тілге, басқа діндерге байланыстырып күн көруді ойлаған әкенің үміті Никитаны да ақырында дін жолына түсуге мәжбүр етеді. 1800 жылғы шілде айының 18 күні Никита шашын қырықтырып, монах деген атаққа ие болып, Қазан қаласының қасындағы СпасПреображенский монастыріне өтеді. Оның есімі Иакинф болып өзгереді. Осы арада сөз арасына қоса кетейін, Иакинф деген сөз орыстың жалпақ халықтық тілінде «Аким» деп айтылса керек.

Ол кісінің еңбектері туралы алғашқы деректерді өз басым Шоқан Уәлихановтың жазбаларынан, сол Иакинф деген атпен оқып білген едім. Бірақ чуваш екендігі де, кейінгі тағдыры, бұрынғы тағдыры да маған беймағлұм болған. Өте ұқыпты, білгір, ынталы оқушы, енді білімді дәріс оқушы ретінде тез өседі. Оны Петербург қаласындағы Александро Невский лаврасының құрылтайында жоғары діни баға беріп, сол өзі қызмет етіп жүрген монастырьге иелік етуге рұқсат береді. Көп кешікпей Қазан маңындағы Иоганн монастрыне жетекші болып көтеріледі. Мінезі жайлы, діннен басқа ештеңемен шұғылданбайтын, уағыз кітаптардан бас алмайтын жас жігіт үш жылдың ішінде бір өлкенің тағдырын қолына ұстаған діни қайраткерге айналады. Өзінің ұстазы Амвросий Худобедовтың қолдауымен Никита Бичурин өз алдына бөлек Вознесение монастыры, Шығыс Сібірдегі Үркіт қаласының маңайындағы үлкен, өте беделді монастырьге жетекші болып тағайындалады. Жиырма бес жасқа толар-толмасында сол “Үркіт дух семинарының” ғылыми кеңесінің мүшесі болып, “Үркіт семинариясының ректоры” атағына көтеріледі.

Бұл болашақ үлкен ғалымның шарықтап көтерілу шегі еді. Діни шені жоғарылап, асқақтап, беделі артқан сайын, әрине, дұшпандары көбейе берді. Сондықтан төрт жыл өткеннен кейін, 1806 жылы Бичуриннің үстінен көптеген шағымдар, домалақ арыздар түсіп, ақырында оны үлкен қызметтен қудалайды. Дұшпандары қызметтен қудалағанымен тоқтамай, оны ақырында Тобыл қаласына жер аударып, күндіз-түні бақыланатындай жағдайда ұстайды. Шындығына келгенде, Никита не үшін күстәнәлікке тап болғанын білген де емес. Жазығы жоқ еді. Бірақ көпшілік соңына түсіп, бәрі бірдей жамандап, бұған сенуге болмайды деген соң, амалы құрып, тағдырға мойынсұнып Тобыл қаласына келді.

Никита Бичуриннің суретіне қарап отырып, мен ойлаймын, жарықтықтың бет-бейнесі ешқандай да орыс адамына ұқсамайды, көзі қысыңқы, кәдімгі, нағыз азиат дейтіннің өзі болғаннан кейін, сол кездегі ұлтшылдар, империяшылдар басқа ұлттың өкілін өсіргісі келмеді ме екен, сондықтан оған жала жауып, қудалап, қорлық көрсетті ме екен деген де күдік бар.

Бұл тар жол, тайғақ кешудің басы ғана еді. Соқтықпалы соқпақсыз тағдыры алда болатын. Әлі де болса діни мансаптан күдер үзбей, діни кітаптарды көптеп оқып, басқа да пәндердің қырсырына терең сүңгіп білімін молайта берген. Заман түзелер, мені іздейтін басшылар болатын шығар деген үмітпенен көп қайғыра қоймай, нұрлы болашағын күтіп жүрді. Үміт желмаясының тізгінін бос тастамай жүрген жас жігіт, ақырында үлкен бір үміттің көзі ашыла бастағанын сезді.

Биік қыраттың басына салынған Тобыл қаласы ол кезде Ресей империясының үлкен үміт артқан мекені еді. Тура Мәскеудің Кремлі сияқты қыраттың үстіне үлкен қорған салып, бекініс жасаған. Қытайға, Моңғолияға, Кореяға, Жапонияға аттанатын

экспедициялар алдымен осы Тобылға келіп, Шығыс ауа райына, Шығыс елдерінің салт-санасына ыңғайлану үшін ұзақ жатып, бейімделетін.

Сондай бір экспедиция Тобыл қаласына Қытайға бет алған бағытынан Моңғолия жеріне барып, сол арадан Тобылға қайтып келген болатын. Бұл 1805 жыл еді. Экспедицияның Қытайға жақындап барып қайтып келуінің бірден-бір себебі граф Ю.А.Головкиннің қытайлардың тәртібіне көнбей, Қытайдың Моңғолиядағы елшісіне бас иіп сәлем бермеуінен болды. Өзінің империясының абыройын төмендеткісі келмей, бас имей қойған соң, қытайлар оны ары қарай өз еліне жібермей қойған. Сол Ю.А.Головкин Тобылға келген соң, әлдекімдерден осында бір ғалым, жас діни уағызшы бар деп естіп, Бичуринді өзіне шақыртып, танысады. Қандай іске болса да, қатты беріліп, сол істің егжей-тегжейін мұқият біліп алуға тырысатын, ізденімпаз, жас діндар Головкиннің сүйікті шәкіртіне айналады.

Головкин Бичуриннен шығыс елдері туралы көптеген мәлімет алады. Бичурин осы Тобылдың өзінде жүріп, қытай тілін, моңғол тілін, Орта Азиядағы көшпенді халықтардың тілін жақсы меңгере бастаған еді. Соның әсерінен Ресейдің атақты ақсүйегі өзімен бірге келе жатқан діни миссияның басшысын қызметінен босатып, орталық Ресейге жібереді де, Бичуринге «Иакинф әке» деген ат беріп, тоғызыншы экспедицияға бастық қылып, өзімен бірге Моңғолияға алып кетеді. Бұл оқиға 1806 жылдың көктемінде болған еді.

Головкин экспедициясының әскери отарлау пиғылын жасыруға Иакинф әкей сияқты адамның экспедиция құрамында болғаны жақсы бүркеншік еді. Бұлар Байқалдың оңтүстігіндегі Қияқты деген жерден қозғалып, Моңғолияның бірнеше руларының, тайпаларының жерінен өтіп, сол жылдың күзінде Пекин қаласына келіп жеткен еді. Кескін-келбеті азиаттық болғандықтан, Бичурин Пекинге келісімен, сол елдің адамындай киініп, базарларда, ғибадатханаларда, тіпті тар көшелерде, жұрт жиіналған көптеген тобырлардың арасында, қара халық жүретін арзан асханаларда, өз адамдарындай болып араласып, кейде сонда түнеп қалып, өз бетімен қытай тілін, манчжур тілін үйрене бастайды.

Бірақ, оның Головкин экспедициясымен келгендегі қызмет лауазымы өте биік еді. Оның негізгі мақсаты – Пекинде тұрып, Қытайда христиан дінінің ең үлкен саласының бірі православиенің үстемдік құруына әсер ету, православие дініне Қытайды мекендейтін басқа халықтарды шақыру, үгіттеу, Қытай қалаларында шіркеулер салдыру сияқты үлкен мақсаты болған еді.

Академияда оқып жүргенде, өзі жақсы меңгерген латын, француз тілдерімен қоса, Пекинде португалия отаршыларымен араласып жүріп ол португал тілін де меңгерді. Сол көптеген тілдерді меңгерудің арқасында, әсіресе, “Сы-Шу” деп аталатын қытайдың классикалық сөздігін меңгеру арқылы, Бичурин ең алдымен өзіне қойын дәптер ретінде қытай-орыс сөздігін жасап жүрді де, келе-келе ол үлкен анықтамалық сөздікке айналды. Бір-екі жылдың ішінде Бичурин өз еркімен, өз талабымен: қытай, манчжур, моңғол тілдерін біржолата меңгеріп алды. Орыс ғалымы Колопрат: “Бичуриннің екі-үш жылдың ішінде меңгерген білімін, ғылымын басқа ғалымдар жүз жылда зерттесе де меңгере алмас еді” деп жазады.

Ресей империясы Қытайға діндар уағызшыларды, солардың басын құрайтын миссияны жібере бастағанына бұл кезде жүз жыл толған еді. Бірақ, жүз жылдың ішінде ештеңе өндіре қоймаған миссионерлердің қызметінің нашар болғанын айтып, 1816 жылы Қытайға келгеніне сегіз жыл толған кезде, Бичурин СанктПетербургтегі Жоғары синодқа – діни ұйым дардың басшыларына хат жазып жібереді. Ол хатында: “Жүз жылдың ішінде жіберген өкілдеріңіз ештеңе де бітірмеген, қытайлардың санасына ешқандай православ дінінің әсері енбеген” деп жазады. Сондықтан да қытай тілін жақсы меңгерген мені тағы да он жылға қалдыруыңызды сұраймын», – дейді. Бірақ Синод ары ойланып, бері ойланып, Бичуринге алты жылға қалуға мүрсат береді.

Осы жолдарды жазып отырғанда мен оқыноқтың оқыс ойға тіреліп қала беремін. Шіркін-ай, Никита Бичуриннің бар ғұмырын негізге алып, роман жазар ма еді! Бірақ, мен,

біріншіден, орыс адамы емеспін, екіншіден, XIX ғасырдағы Ресейдің тұрмыс-салтын, тірлігін, сол кездегі адамдардың әдет-ғұрпын меңгердім деп айта алмаймын. Тек қана біз оқығандар – Лев Толстой, Пушкин, Лермонтов, Чехов, бірақ, олардың бәрі өз замандастарының, жақын жүрген азаматтардың, туыс-туғандарының жаны, тәні қиналғанын көргенде, сезінгенде туған шығармалар ғой. Алыста жатқан қазаққа ол дәуірді жазу мүмкін емес, әрине. Бірақ қызығамын. Ғажап тағдыр.

1821 жылы Синод берген алты жылдық кезеңі біткен соң Бичурин Ресейге қайтып оралды. Келесі екі жыл – 1822-1823 жылдар Бичуриннің тағдырындағы ертегідей ғажап тұс еді. Оның еңбектері осы екі жылда француз, неміс тілдері арқылы Еуропаға тарады. Патшаның жарлығымен Никита Бичуринге Ресей академиясының корреспондент-мүшесі деген атақ берілді және ай сайын отбасын асырауға, фаэтон мініп, шіреніп жүруге жарайтын айлық тағайындалды.

Ресей академиясының Шығыстану институты бұған табынып, айтқанын істеп, аузына қарап отырды. Бұл сол екі жылдың ішінде бүкіл Ресей академиясының арнаулы институттары аспаған жаңалықтарды ашып, еңбектер жазды. Томтомдаған еңбектер сол кезде жазылды. Никита Бичуриннің түкірігі жерге түспей тұрған кез еді бұл. Дүние жүзін билейміз, ең алдымен, Азияны билейміз деп тұрған елдің саясатына Бичуриннің еңбектері өте қажет еді. Сондықтан оны алақанға салып, әлпештеп жүрді. Түкірігі жерге түспей тұрған дегенім – сол.

Сол кездегі Петербургте, Мәскеуде ақсүйек қоғамдар, ақсүйек ұйымдар, ақсүйек отбасылар Никита Бичуринсіз тойтомалақ өткізбейтін. Сондайдың бірінде Одоевский деген ақынның үйінде Бичурин Пушкинмен танысады. Пушкинге өзінің кітаптарын жазып береді. Содан кейін бұлар ұзақ жылдар, күнбе-күн болмаса да, кездесіп, ақылдасып жүрді. Соның кеңесімен бе екен, Пушкин 1830-жылдардың орта кезінде патшаға өтініш жазады.” Мені Қытайға жіберіңіз, мен сол елде бірнеше жыл тұрып келейін” деп. Бірақ ғалымға сенбеген билік, біраз ақылдасып барып, Пушкинге шетелге шығуға тыйым салады.

Екі астанадағы бикештердің де аузынан Бичуриннің есімі жиі-жиі аталып, “кім екен өзі, тұрмысы қалай екен” деген қызығушылықта болды. Бірақ, ғылымнан басқа, білімнен басқа ештеңеге қызықпайтын Бичурин бикештердің көп жетегіне түсе қойған жоқ. Оның үстіне, белгілі дін қайраткерінің сырт келбеті, азиялық келбеті көптеген кедергі жасағаны анық.

Еуропадағы Польшаны, Финляндияны, Батыс Украинаны басып алып, енді Германия мен Францияға да алара қарап отырған Ресей бұл кезде Батыс Сібірді де, Орта Сібірді де, Шығыс Сібірді де толығымен меңгеріп алған кезі еді. Енді билік басындағы, патша төңірегіндегі адамдарға Азияны біз басып алған жоқпыз, Азия біздің көне заманнан келе жатқан өз жеріміз еді деген аңыздар да қажет болды. Себебі, көп қан төгілді. Сібір халықтары қырылып кетті. Соны ақтау керек болған еді, сон - дықтан әлдекімнің ақылымен Н.Бичуринге “Азия бұрыннан орыстардың мекені” тақырыбында кітап жаз деген сияқты ұсыныс түскен тәрізді. Бірақ оған Н.Бичурин келісе қоймаған болар.

Нақақтан жаза тартпау үшін және Петербургтен қуылып кетпеу үшін Никита барын салып бақты. Ол Ресей Ғылым академиясына өзінің соншалықты қажет екенін де жазды. Көпшілік кітапханасына да еңбегі сіңетінін айтты. Бұның Қытайдан алып келген еңбектері, өзінің аудармалары жарық көретін болса, бүкіл Ресей, орыс синологиясының үлкен табысы болатынын, шетелдерден де көптеген қолдау табатынын айтып, әрбір шонжардың табалдырығын тоздырды.

Сөйтіп жүргенде, қудаланған ғалымның зары Сібір генерал-губернаторы М.М.Сперанскийдің құлағына жетеді. Сыртқы істер министрінің Азия департаментінің бастығы Е.Ф.Синковскийдің де, Мемлекеттік кітапхананың директоры А.Н.Олениннің де назарын аударады. Ресейдің сол кездегі Сыртқы істер министрі К.В.Нессельроде де, Діни ұйымдардың және халық ағарту ісінің министрі А.Н.Голицын де ғалымның жағына шығады. Голицын, тіпті, патшаның өзіне, Александр Біріншіге хат жазып, ғалымды қорғап қалуын сұрайды. Бірақ Александр Бірінші патша: “Мен Синодтың ішкі істеріне

араласқым келмейді, бір адамның тағдырына бола Синодты төмендеткім келмейді”, деп жауап береді. Ақырында, шындық іздеп шырылдаған Иакинф Валаам аралына жер аударылады. Арызқойлар итше талап жатса да, Бичурин өзінің еңбегін тастамайды. Қытайдан алып келген қолжазбаларын іске асыру үшін және әлі аударылмаған қолжазбаларды орыс тіліне аударып, тынбай еңбек етеді.

Валаам аралына жер аударылған Бичурин өзінің барлық діни атағынан айырылып, жүрдай болған еді. Ең жаманы, Бичуринді Валаам аралына жер аударғанда, бұның барлық қолжазбаларын, кітаптарын, ғылыми кітаптарын, бұл зерттеп жүрген қолжазбаларды, кітаптарды Петербургтен алып кетуге рұқсат бермеген еді. Бірақ ғалымның санасезімі, бүкіл зердесі соншалықты күшті болған. Ол ешбір кітапқа қарамай-ақ, ешбір қолжазбасын қайтадан ақтармай-ақ сол кудалауда жүрген діни мүскіннің өмірін кешіп, кішкентай ғана бөлме де жатып, тойып ішер тамағы жоқ, жылынып киер киімі жоқ, өзінің санасына, өз санасындағы «кітапханасына» сүйеніп еңбек етуді тоқтатпайды. Сана қой науындағы “кітапханасына” сүйеніп, қыруар еңбек етіп жүрген, қыруар мақала жазып жүрген ғалымға оның жолдастары: Е.Ф.Синьковский, П.Л.Шил линг қайта-қайта министрге хат жазып, ең болмаса қол жазбаларын алдырып, жұмыс істеуіне мүмкіндік сұрайды. Ақыры, 1826 жылдың қазан айында Бичуринге Петербургке қайтып оралуға рұқсат беріледі.

Бүкіл Ресейде Қытайды, Моңғолияны, Тибетті, олардың тарихын, тілін, әдет-ғұрпын Бичуриндей білетін ешкім жоқ еді. Сондықтан министр Нессельроде патшаға қайтадан хат жазып, Бичуринге стипендия тағайындап, Петербургке көшіріп алуды өтінеді. Министрдің өтініші қабылданып, Бичурин Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментіне аудармашы ретінде қызметке тұрады. Ол екі мәрте Ресей мен Моңғолияның шекарасындағы Қияқты деген шағын қалаға барып, сол арада қытай тілін үйрететін курстар ашып, қытай тілін үйрететін мұғалімдерге арналған оқулықтар, Тибеттің және Көк нұры (қазіргі СинХэй провинциясы) б.ж.д. 2282 жылдан бастап, б.ж.д. 1227 жылға дейінгі қытай тарихын жазып шығады. Оған қоса, ол Цинь империясының көп томдық заңнамасын аударған. Қытай тілінде ол заңнаманың аты “Дай Цин-Хоян” еді. Ол аударма, Цинь империясының заңнамасының аудармасы осы күнге дейін әлі басылып шыққан емес, Қазан университетінің кітапханасында сақтаулы деген мәлімет бар.

Есектің еті арам, күші адал демекші, Бичуринді Сыртқы істер министрлігі пайдаланып, қыруар жұмысын атқартып жүргенімен, қона-жатарға келгенде күн сайын Бичурин Александр Невский лаврасындағы өзінің кішкентай ғана бөлмесіне қайтып оралуға мәжбүр болған. Бұл арада оны бақылап, ешкіммен араластырмауға, әрине, құпия полиция көп “еңбек сіңірді”.

XIX ғасырдың бірінші жартысында Ресей саясаты мен Қытай саясаты қым-қиғаш араласып, бетпебет келмесе де, астыртын түрде талас жүріп жатқан еді. Ол талас – Орта Азияның тағдырына байланысты, Орта Азияны мекендейтін халықтардың бүгінгі мен ертеңіне байланысты еді. Бичуриннің “Тибет келбеті” деген алғашқы кітабы 1828 жылы автордың елу бір жасында жарық көрген еді. 1805-06 жылдары Тобыл қаласында Бичуринмен танысып, тіл табысқан соң, граф Ю.А.Головкин бұрынғы тағайындалған діни жетекшіні орнынан алып тастаған. Орнынан алынып қалып, оның орнына Бичурин тағайындалған діни қайраткердің аты-жөні Клапрот еді. Сол Бичуринмен бірде тату, бірде кату болып жүрген Клапрот, шын мәнінде, жаман адам емес еді.

Бичуриннің “Тибет келбеті” деген кітабын ол өз еркімен, өз қаражатына француз тіліне аударып, француз тілінде басып шығарып еді (Айта кетейін, сол Клапрот қазақ жерін аралап, 1801 жылы: “Мен Ұлы жүзді де араладым, Орта жүзді де араладым, Кіші жүзді де араладым. Таң қалдым, қазақ тілінде (яғни, сол кездегі ресми тілде айтқанда, киргиз тілінде) ешқандай диалекті де, ешқандай наречие де жоқ, үш жүз бір ғана тап-таза тілде сөйлейді!” – деп мақала жазған.

Ғалымның, оқымыстының келесі кітабын өз қаражатына графиня Зинаида Волконская шығарғанын атап өту керек шығар. Ғалымның үшінші кітабын Сыртқы істер министрлігі мемлекеттің қаржысына шығарған еді.

Сөз арасында айта кеткім келеді, Никита Бичурин қазақ жерінде болмағандықтан, өз еңбектерінде кездесетін түркі халықтарының барлығына “моңғол” деген жалпы ортақ ат берген. Ол халықтардың қазіргі Моңғолия деген ұғымға ешқандай қатысы жоқ екендігін біле тұра, басқа амалы қалмағандай, моңғол халықтары деп атай береді. Қазақ жерінде болғысы келген, әрине. Қазақ жерін аралап, мұндағы көне қалалардың орнын тауып, зерттемекші де болған. Бірнеше рет сондай өтініш білдіріп, хат жазған жоғарыға. Бірақ, оның арызы жауапсыз қала берген. Н.Я. Бичуриннің: “Орта Азияны мекендейтін халық тардың көне заманғы тарихы” кітабы 1851 жылы жарық көрген. Содан екі жыл өткенде, 1853 жылы мамыр айының 11 күні Бичурин дүниеден өтті. Қудалаудан, қорлаудан, биліктен әбден қалжыраған ғалым өмірінің соңғы жылында төсек тартып жатып қалған еді. Бірақ оның кішкентай бөлмесіне келген адамдардың біреуі ол өз күнделігіне былай деп жазып кетіпті: “Өлейін деп жатқан қарт адам, мен барып қытай тілінде сөйлегенде төсектен басын көтеріп алып, менімен құмарлана, шабыттана сөйлесіп кетті”, дейді. Оның қытай мәдениетіне, Азия халықтарының тарихына деген махаббаты өмір бойы сақталғанын, өле-өлгенше сөнбегенін осы бір көріністен байқауға болады.

Бичурин Ресейдегі Қытай зерттеу ғылымын бүкіл дүние жүзіне паш етті. Ең озық қытайтану ғылымының іргетасы Ресейде Бичуринге тән еңбек қорлықпен қаланған еді. Бірақ соның өзінде де замандастары, бұдан кейінгі ғалымсымақтар Бичуринді жамандаумен болды. «Ол біздің, ұлы Ресейдің тарихын асқақтатудың орнына, қайдағы бір Қытайдың тарихын бізге үлгі етіп көрсетеді!» деп те кінәлаған.

Бичуринге шабуыл, әсіресе, совет кезінде, совет ғалымдарының тарапынан күшті болғаны белгілі. Бірақ Жаратушы Иеміздің құдіретімен, мейірімімен Бичуриннің өз басының трагедиясы оның еңбектеріне біржола «жұға» қоймады. Оның орасан зор еңбегі Орта Азия халықтарының ғана емес, Ресей ғылымының, француз бен румынның, ағылшын мен Германия ғылымының, бүкіл әлемдік ғылымның негізін қалады.

Ресейдегі Гумилев сынды, Радлов сынды, Бартольд сынды ғалымдар осы Бичуриннің шинелінен шыққан еді. Тағдырдың және бір сайқымазақ ойыны: ұлы зерттеушінің өз басы мен ғылыми еңбегі көрмеген жақсылық оның оқушыларына бұйырды. Біздің Астанадағы университет Гумилев атына берілді. Осы Гумилевтің, шын мәніндегі, атасы деп айтуға болатын Бичурин атында Астанада да, Алматыда да бірде-бір көше жоқ. Кезінде жазған менің хатым нәтижесіз қалды. Менің Никита Бичуриннің осы еңбегін қазақ тілінде шығаруым, ғалымның өмірбаянына, ғажап еңбегіне бас иіп тұрып тағзым еткенім. “Казахстанская правда” газетінде бір беттік үлкен мақала жариялап: «Бұл – үлкен олжа. Қазақстанның шын тарихын білу үшін Никита Бичуриннің кітабын қазақ тіліне аудару керек. Және бұны ешбір өзгеріссіз, сол қалпында, нүктесіне тимей аудару керек. Бұл еңбекті протоқазақ тарихы деп қарауға әбден болады», деп жазған едім.

Бичуринді сынаушылардың ішінде, атақты әдебиет сыншысы В.Г.Белинскийдің болғаны да өте өкінішті. Бұл кісі “Бичурин Қытайды соншалықты дәріптеп, асқақтатып көрсетеді, одан да біздің тарихымызға үңілмей ме” дегендей сауатсыз пікір айтқан.

1923 жылы советтік түркологияның ең ірі қайраткерлерінің бірі, көрнекті ғалым Б.В.Бартольд жазған екен: “Бичуриннің еңбектері тұтас бір ғылыми-зерттеу институтының ондаған жылғы зерттеу еңбегіне пара-пар” деп.

Бичуриннің кітабын оқығаныма оншақты жыл болды. Қайта-қайта оқимын қайта-қайта өзіме керек жерінің астын сызамын, қазақ тарихымен байланыстырамын. Бичуриннің ресми емес шәкірттерінің бірі Гумилев те Қазақстанда бұрын болмағандықтан, қазақ руларының, тайпаларының атын білмеген дік тең, көптеген сөздерді сол қалпында келтіріп, бірақ оның қазақ тарихына қатысы бар екенін тікелей айта алмаған. Олардың кінәсі емес бұл. Бірақ кейінгі заманның өзінде бірнеше рет Қытай жазбаларындағы қазақ руларының атын атап, кейбір мақалаларыма қосқанда, біздің қазақ газет тердің бірі әлдебір профессорға тапсырыс беріп, қазақ газетіне орыс тілінде айқара бет кіргізіп, “Сумасшедший бред Акима Тарази” деген мақала ұйымдастырған еді. Бұндай

да қызықтар болады тарихта. Әлгі қазақ газетінде орыс тілінде басылған мақаланың авторы, ғылым докторы, профессор екен, ұлты – қазақ.

Бичуриннің рухани шәкірттерінің бірі, аса көрнекті ғалым – Лев Николаевич Гумилев. Ол Алтай тауының Ресей жағындағы Пазырық деген мүрде – кесенені ұзақ уақыт зерттеген, ғылыми тұжырымдар жасаған. Ақырында, оның келген бір қорытындысы Пазырықта табылған мәйіттер, мәйіттердің үстінде «жиген», әбден тозығы жеткен киімдерді, киімдердің үлгісін зерттей келіп, бұдан 2000 – 2500 жыл бұрын өмір сүрген адамдар түртұлғасы жағынан, киім киісі жағынан, бет-әлпеті жағынан қазіргі қазақтардан айнымайды деген қорытындыға келген. Сол пікірі әлдекімдерге ұнамай қалды ма екен әйтеуір, ғылымда бірден атағы шығып, көзге түсіп жүрген жас ғалым он жылға сотталып, Сібірге айдалып кете барды.

Түрмеде жатып, ол анасы – қазір әлем ақындарының ішіндегі ең көрнектісі, орыс поэзиясындағы ең шоқтығы биік ақын тұлға ретінде мойындалған әйгілі Анна Ахматоваға хат жазады: “Дүниемүлкіңізді сатсаңыз да, маған Никита Бичуриннің бір кітабын тауып беріңіз” деп. Демек, ол түрмеде жатқан он жыл бойы Никита Бичуриннің кітаптарын жаттап, содан кейін шыға салып өзінің лекцияларын оқыған деп ой түюге болады.

Антон Чеховтың бір әңгімесінде, әлдебір тоғышар ғалымдарға: “Сендер айтасындар, күннің бетінде таңба бар деп. Мен айтамын күннің бетінде таңба жоқ. Неге десеңіз, Күннің бетінде таңба болуы мүмкін емес” деп хат жазады. Сол айтқандай, ғылымда, кейде әдебиетте де кейбіреулер мен айттым бітті, ол болуы мүмкін емес, мен айттым бітті, оны мен теріс бағалаймын, осы менің теріс бағам – баға, деп қолында билігі болса, тіпті біреулерге әсер ете алатындай жағдайы болса, шындықты тұншықтыруға тырысып жүретін шалақ белсенді ғалымдар көп кездеседі. Солардың жазғандарын күйіне, ыза болып оқи отырып, осы Бичуринді аударуға тәуекел деп, бел байладым.

Себебі, біздің көшпенді қоғамның, Орта Азияны мекендейтін халықтардың шын тарихы Қытай жылнамаларында өте анық жазылған. Оған қоса, біз өз тарихымызды ат тұяғымен жазған елміз ғой. Біздің тарихымыз Қытай жылнамаларында, Парсы жылнамаларында, Грек елі, көне Византия, көне Армения жазбаларында ғана сақталып қалғаны белгілі. Соңғы кезде анықталғандай, Ватиканның кітапханаларында да қолжазба ретінде біз туралы көптеген тарихи деректер бар екені анықталып жатыр.

Қанша дегенмен, шындық жеңеді, қиянат тұжырымдардың бет-жүзі қара болмақ. Сол қиянатшыл ғалымдардың да еңбектері тарихтың қараңғы шыңырауына құлап, біржола қайтпасқа кететіні анық.

Әкім ТАРАЗИ
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты